

## Жер реформасын қадрлармен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің қаулысы 24 наурыз 1993 ж. N 226

Жер реформасы жөніндегі жұмыстарды жүргізуді маман қадрлармен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 - 1995 жылдары және 2000 жылдарға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Білім министрлігінің қарамағындағы жоғары және арнаулы орта оқу орындарында, сондай-ақ Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде жер реформасын қамтамасыз ету үшін қосымшаға сәйкес көлемде мамандар даярлау жөніндегі Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетінің ұсынысы қабылдансын.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Білім министрлігі тиісті дайындық жұмыстарын жүргізсін және 1993 жылы ведомстволық бағыныстағы жоғары оқу орындарында қажетті мамандар даярлайтын факультеттер (бөлімше) ашсын.

Жаңа факультеттер (бөлімшелер) ашу, сондай-ақ қажетті мамандар санын дайындау қабылдау жоспары мен аталған министрліктер 1993 жылға және одан кейінгі жылдарға белгілеген қаражат шегінде жүзеге асырылсын.

2. Жер реформасын жүргізудің бастапқы кезеңінде негізгі мамандық қадрларының тапшылығын қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігін қатыстыра отырып 1993 жылдан бастап Ақмола Ауыл шаруашылық институтының жанынан

2-3 айлық бағдарлама бойынша жыл сайын 90 адам құрамында мамандарды қайта даярлауды және біліктілігін арттыруын ұйымдастырын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1993 жылдан бастап Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитетіне осы мақсаттарға қажетті қаржы бөлуді қарастырын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1993 жылғы 24 наурыздағы

N 226 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру  
жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1993-1995 жылдары және 2000  
жылдарға дейінгі кезеңде жер реформасын жүргізу үшін мамандарға

### ҚАЖЕТТИГІ

-----!  
!                          ! Дайындалу талап  
! Тиісті мамандар даярлауды ! етілетін мамандар  
Мамандықтар ! қамтамасыз ететін жоғары ! (бірлік есебімен)  
тізбесі ! және арнаулы орта оқу !-----  
!                          орындарының атауы !1993-1995 ! 1996-2000  
!                          ! жылдар ! жылдар

-----!  
1      !      2                          3    !    4

-----

Казақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі

Геодезистер	Ақмола ауыл шаруашылық институты	-	125
Жерге	Ақмола ауыл шаруашылық институты	300	500
орналастырушылар			
Кызылорда агрономикалық кешен	150	375	
инженерлері институты			
Талғар ауыл шаруашылық техникумы	75	125	
Корытындысы	525	1000	
Топырақ	Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық	150	250
танушылар	институты		
Қазақ Ауыл шаруашылығы институты	150	250	
Корытындысы	300	500	
Министрлік бойынша БАРЛЫҒЫ	825	1500	
Қазақстан Республикасының Білім министрлігі			
Жер кадастры	Өскемен жол-құрылым институты	75	125
жөніндегі			
инженерлер			

Геоботаниктер	21	45
Казақстан Республикасы бойынша	921	2045
<b>БАРЛЫҒЫ</b>		
оның ішінде:		
геоботаниктер	21	45
геодезистер	-	125
жерге	525	1000
орналастырушылар		
жер кадастры	75	375
жөніндегі		
инженерлер		
топырақ	300	500
танушылар		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК